

## Бір жолғы талондардың құны туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 33-5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 23 қаңтарда N 5-16-120 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 9-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 21.12.2012 N 9 -9 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуация мен орфографиясы сақталған.**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV Заңының 36-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабына сәйкес Тарбағатай аудандық мәслихаты

### **Ш Е Ш І М**

### **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Тарбағатай ауданы бойынша базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қолданатын бір жолғы талондардың құны № 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Тарбағатай ауданы бойынша ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға қолданылатын біржолғы талондардың құны № 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Тарбағатай аудандық мәслихатының «Бір жолғы талондардың құны туралы» 2010 жылғы 27 қазандағы № 24-7 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 5-16-102 тіркелген, «Тарбағатай» газетінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 60 жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Е. Жұмаханов*

Тарбағатай аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 33-5 шешіміне № 1 қосымша

**Тарбағатай ауданы бойынша базарларда тауарларды өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны (әрбір сатушы үшін бір күндік сауда, теңгемен)**

Р/с	Сауда түрлері және тауарлар ассортименті	1 күндік бір жолғы талонның құны (теңгемен)
1	Азық-түлік тауарлар:	
	гастрономия, бакалея, кондитер өнімдері	160
	сөреден көкөністер, жемістер	270
	балмұздақ, салқындатқыш сусындар	150
	нан, тоқаш, кулинария өнімдері	100
2	Қосалқы ауыл шаруашылығы өнімдерін сату:	
	ірі қара малының еті	400
	кой еті	250
3	Өнеркәсіптік тауарлар:	
	киімдер сату	200
	қолдан жасалған тауарлар сату	120
	пайдаланылған тауарлар сату	120
	саман кірпіштерді саудалау	100
	мотор майлары мен тосол сату	150
4	Қызмет көрсету:	
	аяқ киім жөндеу	200
	шаштараз қызметі	300
	киім пішу, тігу	150

	бет әрлеу	250
	массаж	250
5	Көліктің қосалқы бөлшектерін сату:	
	пайдаланылған	120
	пайдаланылмаған	200
6	Мал сату:	
	кой	300
	ірі қара мал	900
	жылқы	900
7	Жүк автомобилдерімен тауар сату:	
	жүк көтерімі 3 тоннаға дейін:	600
	жүк көтерімі 3 тоннадан жоғары:	1500
8	Көмір сату (1 жолғы тасымалдаудан түскен табысы 20000 тг)	2000

Тарбағатай аудандық мәслихатының  
2011 жылы 21 желтоқсандағы  
№ 33-5 шешіміне № 2 қосымша

**Тарбағатай ауданы бойынша ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға қолданылатын бір жолғы талондардың құны (теңгемен)**

Р/с	Көрсетілетін қызмет түрлері	1 күнге бір жолғы талон құны (теңгемен)
1	Жеке тракторлармен жер өңдеу қызметін атқару, шөп шабу, сату, тасымалдау	400
2	Үй жануарларын бағу:	
	а) кой	150
	б) ірі қара малы	250
	в) жылқы	350
3	Газеттер мен журналдар	120
4	Тұқым сондай-ақ отырғызылатын бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдерін, үй жануарлары мен құстардың жемдерін	220
5	Сыпыртықылар мен сыпырғылар	180

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК